

Хаттама №2

Жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебінде 2020 жылдың 14 қыркүйек күні қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Муханбеткалиев Б.М
Қамқоршылық кеңес хатшысы: Рахметова Г

Отырысқа қатысуға тиісті:

1. Муханбеткалиев Б.М-төрағасы
2. Тлеспеева С-мүшесі
3. Асабаева Б-мүшесі
4. Кеншбаева А-мүшесі
5. Бляшева А-мүшесі
6. Рахметова Г-мүшесі
7. Уразғалиева Ж-мүшесі
8. Хасанова Ш-мүшесі
9. Отесова Қ-мүшесі

Шакырылғандар:

1. Унербаева Н.А- мектеп директоры
2. Хамзина Б.Б-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. Мухтасарова А-әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектебіміздің әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасы өтініштерін қарау; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысына қосымша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулыны басшылыққа алу.
2. Wi-Fi Алтел (интернет) роутерді қажет ететін отбасыларды анықтау.

Тыңдалды:

Мектеп директоры: Унербаева Н.А: Қазіргі таңда әлеуметтік көмекке мұқтаж 231 оқушы құжаттары жинақталып, ата-аналарының жеке есеп шотына әр оқушыға 35 000тг (отыз бес мың) қаржылай көмек аударылды. Ендігі мәселе карантин кезінде қашықтықтан оқыту барысында мектебімізге қарасты әрбір отбасының әлеуметтік жағдайын ескере отырып, оқушылардың сапалы білім алуын ұйымдастыру. Ол үшін мемлекеттен көптеген көмектер көрсетіліп, интернет желісіне қосыла алмай отырған отбасыларға Wi-Fi (интернет) роутерді жалдап алып беру мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Тұрғылықты елді мекенімізде «Аз қамтылған» отбасы тізімінде тұрған отбасыларымызды және интернет желісіне қосыла алмай, балаларын жеткілікті деңгейде оқыта алмай отырған ата-аналарға роутер тарату негізінде тізім жасақталды.

Әлеуметтік педагог: Мұхтасарова А - Бүгінге дейін қабылданған ата-аналар өтініштері негізінде Wi-Fi (интернет) роутерге мұқтаж 42 отбасы тізімі жасақталды,

оның ішінде қашықтықтан оқыту кезінде интернет желісін қоныдара алмай қиындық көріп отырған, сондай ақ күнкөріс деңгейінің ең төменгі көрсеткіші бойынша ата-аналарда есепке алынды.

Мектептің бас есепшісі: Табылғанова Н - Wi-Fi (интернет) Алтел роутер ерекшелік бойынша жалға беріліп отыр. 42 роутер аппаратына міндетті оқу қорынан 1050000 (бір миллион елу мың теңге) қарастырылып отыр.




Комиссия төрағасы: Муханбеткалиев Б - әрине болып жатырған пандемия уақытында, карантинге жабылып, жұмыстарын уақытша тоқтатқан мекеме мен жұмыс орындары өте көп. Сол себепті де ата-аналардың уақытша қиындық тудырып отырған мәселелерінің бала үшін, оның білім алуы үшін үлкен проблемаға айналып кетуінің алдын алып, өтініштерді қанағаттандыруымызға себеп бар деп ойлаймын.

Қаулы:

1. Ата-аналарға таратылған роутерге акт жасактап және, 42 дана Wi-Fi (интернет) роутер оқушының заңды өкіліне (ата-анасына) аса жауапкершілікпен берілуін, әлеуметтік педагог Мұхтасарова А міндеттелсін.
2. Көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы санаттарына кіретін 42 отбасына 25000 (жиырма бес мың) теңгеден тұратын Роутер Алтел Интернет берілуін мектептің бас есепшісі Табылғанова Н жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Муханбеткалиев Б.М

Қамқоршылық кеңес хатшысы:  Рахметова Г

1. Тлеспаева С-мүшесі - 
2. Асабаева Б-мүшесі - 
3. Кеншбаева А-мүшесі 
4. Бляшева А-мүшесі 
5. Уразғалиева Ж-мүшесі 
6. Хасанова Ш-мүшесі 
7. Отесова Қ-мүшесі 
8. Унербаева Н.А- мектеп директоры 
9. Хамзина Б.Б-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 
10. Мухтасарова А-әлеуметтік педагог 

Хаттама №2

Жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебінде 2020 жылдың 2 желтоқсан күні қамқоршылық кеңес отырысы болып өтті.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Муханбеткалиев Б.М
Қамқоршылық кеңес хатшысы: Рахметова Г

Отырысқа қатысуға тиісті:

1. Муханбеткалиев Б.М-төрағасы
2. Тлеспәева С-мүшесі
3. Асабаева Б-мүшесі
4. Кеншбаева А-мүшесі
5. Бляшева А-мүшесі
6. Рахметова Г-мүшесі
7. Уразғалиева Ж-мүшесі
8. Хасанова Ш-мүшесі
9. Отесова Қ-мүшесі

Шакырылғандар:

1. Хамзина Б.Б-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. Мухтасарова А-әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде:

1. Қалалық білім беру бөлімі Атырау облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 02 желтоқсанындағы № 03-04-01-12/2650 хатына сәйкес тәтті сыйлық беруді талаптарға сай ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Муханбеткалиев Б.М- Қамқоршылық кеңесінің төрағасы -мектебімізде жоғарыда айтылған талаптарға сай балалардың көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасыларынан шыққан -85 оқушы. Енді осылардың ішінен әкім шыршасының тәтті сыйлығын алуға лайықты баланы талапқа сай таңдап, ұсынуымыз қажет.
2. Мұхтасарова А.М-әлеуметтік педагог-біздің мектебімізде жалпы көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан- 85 оқушы, үйден оқитын- 7 оқушы. Осы оқушылардың ішінен әлеуметтік жағдайы


төмен отбасы балалары анықталып отырған 10 оқушыны қатыстырсак деген ұсыныс бар.







Қамқоршылық кеңестің төрайымы , кеңес мүшелері және мектеп әкімшілігі , әлеуметтік педагог ұсынысын дұрыс, талапқа сай шешім деп қабылдап бір ауыздан аталған 10 баланы қатыстыруға қолдау көрсетті.

Ұсыныс-пікірлер бойынша қаулы:

1. Қалалық білім беру бөлімі Атырау облысы білім беру бсқармасының 2020 жылғы 02 желтоқсанындағы № 03-04 -01-12/2650 хатына сәйкес тәтті сыйлығын алуға 10 оқушы қамтылсын.
2. Мектептен қала әкімінің шыршасына тәтті сыйлығын алу жөніндегі сұраныс беру және оны уақытында белгіленген жерге жеткізу әлеуметтік педагог А.М Мұхтасароваға міндеттелінсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Муханбеткалиев Б.М

Қамқоршылық кеңес хатшысы:  Рахметова Г

1. Тлеспаета С-мүшесі 
2. Асабаева Б-мүшесі 
3. Кеншбаева А-мүшесі 
4. Бляшева А-мүшесі 
5. Уразгалиева Ж-мүшесі 
6. Хасанова Ш-мүшесі 
7. Отесова Қ-мүшесі 
8. Хамзина Б.Б-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 
9. Мухтасарова А-әлеуметтік педагог 

Жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебі бойынша
2021 жылдың 28 тамыз күні қамқоршылық кеңес отырысының

№1 хаттамасы.

Отырыс төрағасы: Жаймақов Д.

Отырыс хатшысы: Хамзина Б.Б

Отырысқа қатысуға тиісті:

1. Жаймақов Д.С-төрағасы
2. Тлеспаета С-мүшесі
3. Даулетов Д.Ж-мүшесі
4. Жалғас А.Ж-мүшесі
5. Кеншбаева А-мүшесі
6. Бляшева А-мүшесі
7. Рахметова Г-мүшесі
8. Уразғалиева Ж-мүшесі
9. Асабаева Б-мүшесі

Отырысқа шақырылғандар:

1. Г.Қуанышқызы-мектеп директоры
2. Хамзина Б.Б-кеңес хатшысы

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. 2021-2022 оқу жылына мектептің Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту және ережесімен таныстыру.
2. 2020-2021 оқу жылына мектепке Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту
3. Мектептің материалдық базасын күшейту мәселелерін шешу үшін мектеп материалдық техникалық базасымен танысу.

Тыңдалды:

1. Г.Қуанышқызы –мектеп директоры-былтырғы оқу жылында қамқоршылық кеңесінің төрағасы Муханбетқалиев Бақытжан болған болатын, бұл кісі Алматыға көшіп кетуіне байланысты биылғы оқу жылында қамқоршылық кеңесінің төрағасы етіп Атырау облысының Заң кеңесшілер палатасының мүшесі, заңгер Жаймақ Дархан

Сримовичті ұсынылып отыр. Құрам мүшелері Тлеспәева С, Бляшова А, Асабаева Б, Кеншбаева А, Рахметова Г, Уразғалиева Ж, Дәулетов Д, Жалғас А. Осы құраммен Қамқоршылық кеңес жұмысын жүйелі ұйымдастыруымыз керек, бұл кеңестің жұмысы үлкен ауқымды жұмыс, мектеппен тығыз байланыста жасауларыңыз қажет деп есептеймін. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығында барлық қағидаттар айтылған. Сонымен қатар біздің мектебімізде әлеуметтік жағдайы жағынан аз қамтылған отбасы балалары өте көп, оның ішінде көп балалы, тұл жетім, жартылай жетім, жадғыз басты ана осы отбасы балаларына материалдық көмек керек, сол уақытта сіздердің де көмектеріңіз керек деп ойлаймын деп өз сөзін аяқтады.

2. **Жаймақов Д.С-кеңес төрағасы-** бірінші мәселе бойынша биылғы оқу жылынан бастап осы қамқоршылық кеңесіне төрағалық қызмет атқарғалы отырмын, қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелді. Біздің осы кеңес мүшесіміз 9 адамнан құралады және өкілетік мерзімі үш жылды құрайды деп бұйрықпен таныстырып талдап өтті.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жоспарымен таныстырып өтіп бекітуге жолдады.

3 мәселе бойынша Мектептің материалдық базасын күшейту мәселелерін шешу үшін мектеп материалдық техникалық базасымен жалпылама танысып өттім, әлі де алдағы уақытта бірігіп жұмыс жасаймыз, жалпы мектептің екінші қатардағы дәлізін оқушылардың бос уақыттарын үзілісте тиімді пайдалану мақсатында кітап оқып отыратын жұмсақ жиһаздармен жабдықтап шағын бұрыштар жасау қажет, өзін-өзі тану кабинетін талапқа сай жабдықтау қажет, сонымен қатар мектеп дәлізін оқушылардың қызығушылығын арттыратындай бұрыштар, стендтер жасау қажет екен, осы мәселені қолға алоуымыз керек деп нақты айтып өтті.

Сөйлеушілер:

1. **Рахметова Г-кеңес мүшесі-** қамқоршылық кеңесінің бірнеше жылдан бері мүшесі болып келемін, осы аталған мектептің көпшілігі аз қамтылған отбасы балалары, бюджеттен бөлінген қаражат барлығына бірдей жетпейді сондықтан биылғы кеңес